

Ғылыми жоба тақырыбы:

«Ауылымның тарихы»

Бағыты: гуманитарлық

Секциясы: "Дарын"

Авторы: Руслан Мади Русланұлы 7 сынып, "Екпінді орталау мектебі" КММ, Екпінді ауылы

Жетекшісі: Ахметова Жұлдыз Майтыбаевна, тарих, "Екпінді орталау мектебі" КММ, Екпінді ауылы

Жобаның негізгі мақсаты:

- **Ауылдың өткені мен бүгінін зерттеп, зерделеп , ауылымыздың көркеюіне үлесін қосқан еңбек ардагерлері туралы тың жаңалықтарды анықтау**

Жобаның міндеттері:

- **Ауыл тарихын зерттеу**
- **Ауыл ақ сақалдарымен кездесуді ұйымдастыру.**
- **Өз жерінің тарихын жетік білу**
- **Болашақта өз өлкесінің дамуына үлесін қою**

Зерттеудің өзектілігі

Екпінді өңірін Нұрсахан деген бай жайлаған екен. Оның ағаш үйі өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін сақталыпты. Сол секілді Қырбалтабай, Әбдірахым, Солтанбай атты байлардың да атажұрты осы өңір. Олардың қарағайдан қиып салған ағаш үйлері 1955 жылға дейін орталықта емхана болған. Олар ескінің көзі, көненің ескерткіші атанған. Әрі тарихтың таптырмас мұрасы еді. Сондағы атажұрттың жұрнағы қазір мүлдем өзгерген.

Сонау 1932 жылдары «Іле» совхозы мен «Қастек» совхоздарынан алып келген 10 мың саулық қой түгелдей қазақтың құйрықты, қылшық жүнді, жергілікті қойы болатын. Қой тұқымын асылдандыруды осында қолға алды. Демек, қазақтың биязы жүнді қойын шығару үшін осы «Түрген» қой совхозында жергілікті қазақтың ірі талшықты саулықтарын прекос қошқарларымен ұрықтандыру 1933 жылдары басталды. Асыл тұқымды 400 қошқар әкелінді. Үкімет Қырбалтабайда мал шаруашылығын дамытуға қатты көңіл бөледі. Совхоздың алғашқы директоры Бекежан Тілегенов болған.

Сол жылдары қой саны – 1200, түйе -8, жылқы -10 бас қана екен. Қолда бар жоғы -3 трактор ғана. Мал Тереңқара, Ойбалтабай, Леп, Есік өзендерінің жағалауларынан Іленің бойына дейін жайылатын. Екпінді, Қарашеңгел, Құрөзек ауылдары біртіндеп қанат жая бастады. Ол кезде шаруашылықтың жер көлемі де барынша жетерлік болса, оның 99 956 гектар жалпы жер болса, оның 9438 гектары - шабындық, 80480 гектары - жайылым, 1376 гектары -әлі игерілмеген тың жер еді.

Ұлы Отан соғысы басталған отты жылдары ер азаматтар жаппай майданға, аттанып, ауылда әйелдердің аяқ - таяқты ұстаған. Мал – жан, жетім бала, жесір әйелдердің басқаруында қалған. Ол әйелдер соғыстан кейін де ат белінен түспей, аға шопан атанған. Еңбегі жанып, бағы ашылғандар да бар. Әйнек Бебаева әр 100 саулықтан жыл сайын 127 – ден қозы алып, әр қойдан 5.5 килограмнан жүн қырыққан үшін Социалистік Еңбек Ері атанып, омырауы Алтын жұлдыз таққан облыстағы бірінші әйел атанғанды.

**1932 жылы “Іле” совхозы мен “Қастек”
совхоздарынан алып келінген 10 саулық қой
осы Екпінді ауылында асылдандырылған.**



Баран породы
Меринос



Баран породы
Меринос



*Әйнек Бебаева,
Мұхамеджан Түймебаев*

*Әйнек Бебаева әр 100
саулықтан жыл сайын 127 –
ден қозы алып, әр қойдан 5,5
килограмнан жүн қырққан үшін
Социалистік Еңбек Ері атанып,
омырауына Алтын жұлдыз
таққан облыстағы бірінші әйел*




*Ерлі зайыпты Қасым
және Насиха
Дүйсебековтар*

*100 биеден 100 құлын алып,
рекорд жасаған үшін
омырауларына Алтын
жұлдыз таққан.*



«Түрген» қой
совхозының бір топ
озаттары 1948 жылы
Мәскеудегі Бүкілодақтық
халық шаруашылық
жетістіктері көрмесіне
барғаны бар.

Сол көрме аясында
ауылымыздың және де
«Түрген қой совхозының
аты шығып , танымал
болған жаймыз бар. Сол
көрме жеңімпазы.»



1970 ж.
Белгорд қ. II
орын алған

Республикалық
дәрежедегі 9
грамота, 2
диплом,
аудандық,
облыстық сый –
сияпаттар да бар.

Екпінді
ауылының
тұрғыны
Нурипа
Байғараеваның
қызы

1966 ж
Қырғызстанда
1977 ж
Монғолия
Улан-Удэ қ.
марапатталды







1963-1977 ж.
8 рет
облыстық,
6 рет
республика
чемпионы

Базар
Аскарова
әлемге
танымал
қырықтықшы



*Бекқали Орманов
бірнеше облыстық
дүркін чемпион*

*Екпінді ауылынан
қырықтықшылардың
төртінші чемпионы
Әбдірахман Әшіров*





**Назар қойып
тыңдағандарыңыз үшін
көп рахмет!**